

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№2 хаттамасы

01.11.2024 жыл

Қатысқандар: 25 адам

Күн тәртібінде:

1. Жеке суреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезіндегі этикалық нормаларды сақтау.
2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика.
3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті.

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г.К. Закирова сөз сөйледі:

Ұстаз – мектеп тұлғасы. Сондықтан ұстаздар қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстанғаны жөн. Өзіңнің жеке суреттеріңді әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атқа лайықты суреттер жариялау керек деп ойлаймын. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушыны, ата-ананы, адамдардың абыройы мен қадір қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі.

Білім беру процесі қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Байденова А.Е./ мектеп түлегі:

Педагогикалық әдеп – педагог әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деп анықтама беруге болады.

Педагогикалық әдеп жағымды жақтан ғана қаралады. Әрбір педагог балалармен қарым-қатынаста белгілі бір тактиканы әрқашан қолдана береді, бірақ онда педагогикалық әдептің болмауы да ықтимал. Педагогикалық шеберлік тұрғысынан алғанда педагогтің мінез ерекшелігі ретіндегі

әдептілігінің оның әрбір нақты жағдайда тиімді тактика таңдай білуінің үйлесімділігі мейлінше дұрыс болып табылады.

Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ауталин Р. / бастауыш класс мұғалімі:

Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті. Тұлғаның қалыптасуына, берілген білімді жақсы меңгеруіне педагогтың әдістемеден хабарлы болуы, білімділігі ғана емес, бар білімді тиісті деңгейде жеткізе алуы ең маңызды болып табылады.

Сөйлеу мәдениетін игеру-болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қарым-қатынас өзара пікір алысу, түсіну, сөйлеу ұғымдарын қалыптастыру.

Егер педагог өз жұмысына жауапкершілікпен тиянақтылықпен өзіне берілген кәсіби құзыреттілікті меңгерген болса, онда тәрбиелейтін оқушыда жоғары білімді болады деген сенім білдіремін.

Кеңес шешімі:

1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау назарға алынсын.
2. Педагогтің педагогикалық әдепін сақтау үшін педагогтің құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құқықтық шара өткізілсін.
3. Жас ұстаздар арасында педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениетін арттыру үшін іс-шаралар өткізілсін.

Кеңес төрайымы:  Б.К. Ахметова

Хатшы:  Нэгдэлхан М